

Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті
Инженерия факультеті
Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия мәжілісінің

№ 1 ХАТТАМАСЫ

Кентау қаласы

30.10.2025 ж.

Қатысқандар: Т.Назарбек –төрайымы, мүшелері: Г.Ниязова, Н.Жүнісов, Р.Садыбеков, Н.Мухамеджанов, Г.Искендірова, А.Ағабекова, О.Мейірбекова, А.Кибишов, Ш.Байбахан, А.Байбаков, Ы.Абдразақ, А.Арипжан, Қ.Полатбекова

Қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібінде:

1. Комиссияның 2025-2026 оқу жылына жоспарын бекітуге ұсыну
2. ББ біліктілік талаптарына сәйкестігіне мониторинг жүргізу
3. Факультеттің және құрамындағы кафедралардың ағымдағы оқу жылына Сапа саласындағы мақсаттары мерзімінде және Даму жоспарындағы индикаторлық көрсеткіштерге сәйкес жоспарланғанын қадағалау
4. ББ түлектерінің жұмысқа орналасу нәтижесін бақылау.
5. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша магистр-оқытушы Т.С.Назарбек сөз алып, өз сөзінде Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның мүшелерін қайта қарап, талқыланғанын атап айтты. Комиссия мүшелеріне былтырғы оқу жылындағы кемшіліктерді қайталамауды ұсынды. Комиссия мүшелері бір ауыздан келісті.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген «Жоғарғы және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына» 36-бабына сәйкес факультетте сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін құру мақсатында комиссия мүшелері қайта тағайындалғанын айтты.

Комиссия төрағасы: Т.Назарбек

Мүшелері: мүшелері: Г.Ниязова, Н.Жүнісов, Р.Садыбеков, Н.Мухамеджанов, Г.Искендірова, А.Ағабекова, О.Мейірбекова, А.Кибишов, Ш.Байбахан, А.Байбабаков, Ы.Абдразақ, А.Арипжан, Қ.Полатбековалар тағайындалғанын атап айтты.

Комиссияның 2025-2026 оқу жылына жоспарын талқылап, бекітуге ұсынды. Талқылау нәтижесінде оқу үдерісінің барысында қажетті іске асырылатын ағымдық жұмыстар қарастырылғанын айта келе, 2025-2026 оқу жылындағы жоспарын төмендегідей бекітуге ұсынды:

№	Орындалатын жұмыстар		Орындау мерзімі	Орындаушы	Орындау туралы белгі
1	1	Комиссияның 2025-2026 оқу жылына жоспарын бекітуге ұсыну	2025 жыл, (қыркүйек - қазан)	Комиссия мүшелері	Бекітілген жоспар
	2	ББ біліктілік талаптарына сәйкестігіне мониторинг жүргізу		Комиссия мүшелері	Тексеру материалдары, кестелер, 5-қосымша
	3	Факультеттің және құрамындағы кафедралардың ағымдағы оқу жылына Сапа саласындағы мақсаттары мерзімінде және Даму жоспарындағы индикаторлық көрсеткіштерге сәйкес жоспарланғанын қадағалау		Комиссия мүшелері	Тексеру материалдары, 1-қосымша

	4	ББ түлектерінің жұмысқа орналасу нәтижесін бақылау.		Комиссия мүшелері	Хаттама, шешімдер, ұсыныстар
	5	Әртүрлі мәселелер		Комиссия мүшелері	Хаттама
2	1	Білім алушылардың ББ оқыту нәтижелеріне жетуін қамтамасыз етілуіне мониторинг жүргізу	2025 жыл, (қараша-желтоқсан)	Комиссия мүшелері	Тексеру материалдары, кестелер, есептер
	2	ББ пәндерінің оқу әдебиеттерімен дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етілуін қадағалау.		Комиссия мүшелері	Тексеру материалдары, 1-қосымша
	3	ББ іске асыратын факультеттің, кафедралардың тарихы және жалпы ақпараттары, ғылым және инновациялар, ынтымақтастық, студенттік өмір туралы негізгі ақпараттар университет сайттында орналастырылуын, оларды мерзімді жаңартылуын қадағалау		Комиссия төрағасы комиссия мүшелері, шақырылған университет қызметкерлері	Хаттама, шешімдер, ұсыныстар
	4	Әртүрлі мәселелер		Комиссия мүшелері	Хаттама
3	1	Аралық аттестаттау нәтижелеріне мониторинг жүргізу және сауалнамалар жүргізу	2026 жыл, (қаңтар-наурыз)	Комиссия мүшелері	Тексеру материалдары
	2	ББ білім алушыларының контингентін қалыптастыру, талапкерлерге кәсіби бағдар беру іс-шараларының нәтижелілігін талдау, жетілдіру.		Комиссия мүшелері	Тексеру материалдары, кестелер, есептер
	3	Әртүрлі мәселелер		Комиссия мүшелері	Хаттама
4	1	Факультет, кафедралардың жылдық есептерімен дайындық актілеріне мониторинг жасау, есеп дайындау	2026 жыл, (сәуір-маусым)	Комиссия мүшелері	Тексеру материалдары, есептер
	2	ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, диплом алды т.б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуын қадағалау		Комиссия мүшелері	Тексеру материалдары, 11-қосымша
	3	Сапаны қамтамсыз ету жөніндегі комиссияның келесі оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу.		Комиссия мүшелері	Тексеру материалдары, кестелер, есептер
	4	Әртүрлі мәселелер		Комиссия мүшелері	Хаттама

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның ережесімен таныстырылып, танысқаны туралы белгі қойылды.

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның мүшелері бір ауыздан қолдады.

Шешім: 1.1. Комиссияның 2025-2026 оқу жылына жоспарын бекітуге ұсынылсын.

1.2. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның мүшелері қайта жасақталсын.

Жауапты: Т.С.Назарбек

Орындалу мерзімі: 30.10.25 ж

Екінші мәселе бойынша магистр-оқытушы Т.С.Назарбек сөз алып, өз сөзінде ББ біліктілік талаптарына сәйкестігіне мониторинг жүргізу мәселесі бойынша факультетке қарасты Компьютерлік инженерия, Электр инженериясы кафедраларында бакалавр, магистратура, докторантура білім беру бағдарламалары негізінде ОПК-ның ББ біліктілік курстарынан өтіп отырғанын атап айтты. Факультет бойынша «Инклюзивті білім беру», «Жасанды интеллект» біліктілік курстарынан өту жоспарланып отырғанын атап айтты.

Компьютерлік инженерия кафедрасының аға оқытушысы Н.Жүнісов сөз алып, өз сөзінде ОПК біліктілікті инклюзивті білім беру курсынан университет базасында өткенін, сондай-ақ кафедраларда біліктілік жетілдіру 2025-2026 оқу жылына жылдық жоспарлары дайындалып, соның негізінде әрбір үш жылда ОПК-ның бағытқа сәйкес біліктілік курстарынан өтіп отырғанын айтып өтті.

Электр инженериясы кафедрасының аға оқытушысы О.Мейірбекова сөз алып, өз сөзінде 8-қосымшаға сәйкес ОПК-ның біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау мақсатында мониторинг жүргізгенін айта келе, мерзімі аяқталған ОПК-ын біліктілік арттыру курстарына қайта жоспарланып отырғанын айтты.

Шешім: 2.1. ББ біліктілік талаптарына сәйкестігіне мониторинг жүргізу «қанағаттанарлық» деп танылсын.

2.2. Факультет бойынша «Инклюзивті білім беру», «Жасанды интеллект» біліктілік курстарынан өту жоспарлансын.

Жауапты: Кафедра меңгерушілері

Орындалу мерзімі: Ұсыныс хат

Үшінші мәселе бойынша магистр-оқытушы Т.С.Назарбек сөз алып, өз сөзінде Факультеттің және құрамындағы кафедралардың ағымдағы оқу жылына Сапа саласындағы мақсаттары мерзімінде және Даму жоспарындағы индикаторлық көрсеткіштерге сәйкес жоспарланғанын қадағаланатынын атап айтты. Факультет, кафедра сапа бойынша мақсаттары Университетіміздің Даму жоспарындағы көрсеткіштерге негізделе отырып жасалғанын атап айтты. Даму жоспарымен факультет мүшелерін таныстыру керектігін атап айтты.

Шешім: 3.1. Сапа саласындағы мақсаттары мерзімінде және Даму жоспарындағы индикаторлық көрсеткіштері «қанағаттанарлық» деп танылсын.

Жауапты: Кафедра меңгерушілері

Төртінші мәселе бойынша магистр-оқытушы Т.С.Назарбек сөз алып, өз ББ түлектерінің жұмысқа орналасу нәтижесін бақылау нәтижесін көрсетті. Әрбір БББ бойынша тоқталып өтті. Төмендегідей кестені ұсынды:

Бітірген жылы	Білім беру бағдарламалары атауы	Жалпы түлек саны	Жұмысқа орналасқандар саны	Оқуын жалғастырғандар саны	бала күтімінде / әскерде / мүгедек	Шетел азаматы	%-дық көрсеткіш
2025	6B07153-Электр энергетикасы	29	19	2	1 (әскерде)	1	79%
	6B07154 - Автоматтандыру және басқару	17	9	2	2	1	81%
	7M07158 - Автоматтандыру және басқару	1	1	-	-	-	100%
2025	6B06151-Ақпараттық жүйелер	50	26	1	1	1	57%
	6B06181 – Ақпаратты өндеу және деректерді визуализациялау	10	5	1	-	-	60%

6B06182 – Компьютерлік инженерия	8	-	2	-	4	50%
--	---	---	---	---	---	-----

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның мүшелері бір ауыздан қолдады.

Шешім: 4.1. ББ түлектерінің жұмысқа орналасу нәтижесі «қанағаттанарлық» деп танылсын.

Жауапты: Т.С.Назарбек

Орындалу мерзімі: 30.10.25 ж

Мәжіліс төрағасы:



Т.С.Назарбек

Хатшы:



Г.С.Искендірова